

AQTÓǴAI AJARY

Aqtoǵai aýdandyq qoǵamdyq-saiasi basylym

№52 (7889)

Жұма

30 желтоқсан

2022 жыл

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

Төрлет, жаңа 2023 жыл!

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке туған-туыстармен және жақын адамдармен өтетін кездесулердің жылжылуына, ұмытылмас сәттерге, бақыт атмосферасына толы.

Осы күндері жақсы өзгерістерді күтіп, жақсылыққа үміт арту, ортақ міндеттер мен мақсаттарды, алдағы кәсіби және жеке жоспарларды ойдағыдай жүзеге асыруға сенім арту біздің бәрімізді біріктіреді. Өтіп бара жатқан бұл жыл оңай болған жоқ. Бірақ, ол бізге өз күшіміз бен қажыр-қайратымызға сеніп, сын-қатерлерге төтеп бере алатынымызды және кез келген қиындықты еңсере алатынымызды көрсетті.

Аудан тұрғындарының ерен еңбектерінің нәтижесінде өңірде экономиканың барлық бағыттары қарқынды дамып келеді. Әр салада жаңашыл бастама мен игілікті істер бар.

Біздің бүгінгі мақсатымыз бен міндеттеріміз тұрғындарымыздың өмірінің сапасы мен тұрмыстық деңгейін көтеруге бағытталған. Біз алдағы уақытта да жүйелі жұмыстың арқасында жетістікке жететінімізге сенімдіміз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - деп халқымыз айтқандай, осы жетістіктеріміз берекелі бірлігімізбен бірлесе атқарған еңбектің нәтижесі. Алдағы уақытта да әлі талай игілікті істердің күәсі болатынымызға сенімдіміз. Ардақты ағайын!

Жаңа жылды әр адам үкілі үмітпен, ізгі ниетпен және ақ тілекпен қарсы алады. Келер жыл жағымды жаңалыққа, қуанышты сәттерге толы болсын!

Сіздерді жаңа жылмен шын жүректен құттықтай отырып, Жаңа жыл әр отбасына амандық, баршаңызға мықты денсаулық, ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс, елімізге береке-бірлік тілейміз! Жаңа жыл құтты болсын!

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов



ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Мемлекет басшысы Парламент Сенатының отырысына қатысты



Президенттің қатысуымен Парламент Сенатының отырысы өтті. Парламент Сенаты депутаттарының алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдымызда тұрған негізгі мақсат еліміздегі тұрақтылықты, қауіпсіздікті сақтап қалу, Қазақстанның жарқын болашаққа қарай қарқынды дамуына жол ашып беру екенін атап өтіп, келесі жылы барлық саладағы реформалар жалғасын табатынын жеткізді.

– Биыл еліміз зор қатерге тап болды. Дегенмен, біз қиындықтың бәрін еңсердік. Барлық салада жүйелі реформаларды қолға алдық. Үш жарым жыл бұрын

басталған саяси өзгерістер биыл тың қарқынмен жалғасты. Реформаның ауқымы кеңейді. Біз үшін бұл өзгерістерді жалпыұлттық диалог арқылы жүзеге асыру өте маңызды. Осы мәселеге байланысты Парламенттің рөлі әлдеқайда жоғары болмақ. Сондықтан, келе жатқан Парламенттік сайлауға мен өзім Мемлекет басшысы ретінде айрықша мән беріп отырмын. Бұл сайлау еліміздің заңына сәйкес әділ және ашық өтуге тиіс, – деді Президент.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың мемлекет басқару ісіне қатысу мүмкіндігін біртіндеп арттырып жатқанымызды және Конституциялық реформалар

арқылы көптеген өзгеріс жасағанымызды атап өтті.

Мемлекет басшысы адам құқығын қорғау саласына әрдайым айрықша мән беретініне тоқталып, соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай ілгерілеу бар екенін айтты.

Президент Конституциялық Соттың кадрлық құрамын жасақтау кезінде сабақтастық сақталуға тиіс екенін айта келіп, жаңа органның төрағасына айрықша міндет жүктелетініне назар аударды.

akorda.kz сайтынан ықшамдап алынды.

Хабарландыру!

Мереке күндеріне байланысты газетіміздің келесі саны 13 қаңтар 2023 жылы шығады.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Ақтоғай – ауқымды жұмыс алаңы

Құрамына 17 ауылдық округ пен 36 елді мекен кіретін, төрт түлігін түлетіп, ата кәсіпті өмір өзегі етіп отырған ауданның өнеркәсіп кәсіпорындары дамып, биыл 165 млрд. 166,9 млн. теңгенің өнімдерін өндірген. Ауданға инвестиция тарту, тау-кен өндірісін өркендету бағытында бірқатар ауқымды шаралар атқарылған.

– Қараша айында жалпы құны 9 млрд. теңге тұратын «Ирказ Металл Корпорациясы» ЖШС «Борлы» кен орнында катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыттың құрылысы толық іске қосылып, 140 адам жұмыспен қамтылды. Жыл басынан аудан бойынша 12 кәсіпкерлік нысан ашылып, 31 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Сонымен қатар, 1 кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 5 млн. теңгеге және 13 жас кәсіпкер жалпы сомасы 7 млн. теңге болатын

аудан әкімінің грантына ие болды. Алдағы уақытта да аудандағы кәсіпкерлік ісіне жан-жақты қолдау көрсетіліп, оны одан әрі дамыту жұмыстары жүргізіледі, – деді аудан әкімі Салтанат Мірәсілқызы есепті баяндамасында. Аудан басшысының

айтуынша аудандық орталық аурухана күрделі жөндеуден өткізілген. Және инфекциялық блокты қайта құру жұмыстары қолға алынған. Осыған дейін оның болмауына байланысты науқастар облыс орталығына жөнелтілген. Биылғы жылы аудан дәрігерлері үшін жол талғамайтын көлік пен санитарлық машиналар сатып алынған. Ал, Шашубайда дәрігерлік амбулатория жөнделіп, 100 пәтерлік бес қабатты үй қалпына келтірілуде.

Ақтоғай ауылында жалпы құны 127 млн. теңгеге ветеринариялық пункттің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілген. Сондай-ақ, ауданда мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға да көңіл бөлінуде. «Ауылдық жердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында демеушілік қаражат есебінен К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің 24 пәндік кабинеті жаңғыртылды. Оқу орнында STEM-зертхана, ART-студия, жабдықталған шеберханалар пайда болды, – дейді С.Әбеуова. Аудан басшысының ақпарына сүйенсек бір жыл ішінде мұнда 11 мектепке арналған 11 модификациялық кабинет құрылған.

Мәдениет саласын дамыту да – жіті

Күні кеше облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев іс-сапармен Ақтоғай ауданына келді. Сапар барысында аймақ басшысы аудан тұрғындарымен кездесіп, азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, ауылдардың әжуметтік-экономикалық ахуалымен танысты.



назарда. Құсақ ауылында клуб жөнделіп, Нүркен ауылында саябақ қайта жаңартылған. «Тоқырауын толқындары» ансамблі үшін шағын автобус және ауылдық клубтар мен дыбыс жазу студиясына арналған құралдарды сатып алып, өнерпаздар үшін мүмкіндік жасалған.

Кездесуде ауданда атқарылып жатқан жұмыстармен қоса, түйінді мәселелердің де тиегі ағытылды. Айталық, аудан тұрғындары тозған электр желілеріне, жолдардың нашар жағдайы мен қатты отынның

тұрған мәселесі – электр жарығы. Бұл проблема айтылғалы да аз уақыт болған жоқ. Ермағанбет Қабдулаұлы, осы мәселенің шешімі тікелей сізге тіреліп тұр. Өзіңізге белгілі, біздің ауданға пойыз жүрмейді, ұшақ ұшпайды. Біздің қаламен байланысымыз – тек, тас жол. Сондықтан, сізге айтар өтініш-тілегіміз – Қарағанды бағытындағы Ақтоғай мен Ақсу-Аюлы аралығындағы жолдың жөндеу жұмысына көмек берсеңіз. Қымбатшылық күннен күнге өршіп

барады. Бағаны тұрақтандыру қолға алынса, – деп көптің көкейінде жүрген мәселелердің шетін алға тартты.

– Бүгін айтылған барлық сұрақтар бақылауға алынады. Әрқайсысы бойынша бөлек жұмыс жасалады. Мен бәріне құлағдармын. Келесі жолы келгенде атқарылған жұмыстар туралы есеп береміз, – деген облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаев барлық мәселелер назардан тыс қалмайтындығын және біртіндеп өз шешімін табатындығына облыс басшысы кездесу барысында уәде берді.

Аудан үшін жағымды жаңалықтың бірі шетелдік инвесторларды тарта отырып, алдағы 5 жылдықта ірі компаниялар кен байыту фабрикаларын іске қосу жоспары белгіленген. 2023 жылы жоғарыда айтып өткен «Ирказ Металл Корпорациясы» ЖШС катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауытының жұмысын жандандыру жолға қойылған. 2024 жылы «Балхаш ресурс» ЖШС жалпы құны 4,3 млрд. теңгеге темір және түсті металлургия зауытының құрылысын

қымбаттауына шағымданды. Және тұрғындар орталық кітапхана мен мұражайға бөлек ғимарат беруді сұрады.

Сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов: – Ақтоғайлықтардың бүгінгі күнгі өзекті ең өткір



бастап, 300 жаңа жұмыс орнын ашу, 2026 жылы «КазГеоРесурс» ЖШС жалпы құны 468 млн. теңге гидрометаллургиялық кешен құрылысы жүргізілмек. Сонымен қоса, 2026 жылы «Кәпитал тау инвест» ЖШС жалпы құны 17 млрд. теңге мыс өндіретін зауыт салынбақшы. 2027 жылы «Сары Арка Голд» ЖШС жалпы құны 3,8 млрд. теңгеге мыс пен молибден өндіретін зауытының іргетасы қаланып, 150 жаңа жұмыс орындары ашылмақ. Бұл жобалар толық қуатымен іске асырылғанда жаңадан 1 мыңнан аса жұмыс орындары ашылып, аудандық бюджет қосымша жыл сайын 1 млрд. теңге көлемінде салық түсімдерімен толығын көрінеді.

Жұмыс сапарының соңында облыс әкімі мемлекеттік бағдарламаларды нәтижелі жүзеге асыру және ауданның әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері бойынша тиісті тапсырмалар берді.

Думан Бакышев.



Аудандық
мәслихатта

Күн тәртібінде – маңызды мәселелер

Таяуда аудандық мәслихаттың кезекті жиырма жетінші сессиясында аудандық мәслихаттың 2023 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Сондай-ақ, күн тәртібінде өзге де мәселелер қаралған сессия жұмысына аудандық мәслихат хатшысы Рашид Әбеуов төрағалық етті.

Алдымен депутаттар 2023-2025 жылдарға арналған аудан бюджетін бекітті. Бұл мәселе бойынша ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Перизат Темірбек баяндама жасады.

Ақтоғай ауданы өкімдігінің жанындағы қылмыстық жазаны және қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелер қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ, қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультациялық кеңесші органның 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы аудан өкімінің орынбасары Абылай Аманжолов ақпар берді.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат хатшысының 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы Рашид Бегілікұлының есебі тыңдалды.

Сондай-ақ, сессияның күн тәртібінде «Ақтоғай аудандық мәслихаты» мемлекеттік мекемесі аппаратының 2023 жылға арналған жергілікті деңгейдегі өкімшілік шығындары мен депутаттық қызметтерін қаржыландыру жоспарын бекіту туралы және «Ақтоғай аудандық мәслихаты» мемлекеттік мекемесі аппаратының 2023 жылға арналған құрылымын бекіту жөнінде аудандық мәслихаттың аппараты басшысы Маралбай Төкішев хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша депутаттар баяндамашыларға сұрақ-сауалдарын қойып, шешім жобаларын қабылдады.

Думан ҚАБЫЛ

«Бала көңілдің гүлі, көздің нұры»

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылды ресми түрде «Балалар жылы» деп жариялап, өскелең ұрпақтың жақсы өмір сүруі мемлекеттің басты міндеті екенін атап өтті. Жас буынды тәрбиелеу барысында замана ағымынан қалмай, ілгері ұмтылып, шығармашылықпен жұмыс істейтін ұжым – бала тәрбиесіне оң әсер беретін, бағалы ресурс. Бүгін елдің болашағы – жаңашылдыққа бейім, тыңнан түрен салатын

іс-шараларды атап өтер болсақ: «1-қыркүйек Білім күніне» арналған салтанатты шара, тілдер мерекесіне арналған «Құрметтеймін туған тілімді», Ұстаздар күніне арналған мерекелік өн пашу тәрбиешілеріміздің ұйымдастыруымен тәрбиеленушілердің қатысуымен өткізілді. Сондай-ақ, «Қош келдің, алтын күз», «Республика күні», «Гәуелсіздік – тұғырым», «Желтоқсан желі» тәрбиелік

педогогикалық әдістемелерге сүйенеміз. «Балалар жылы» жан-жақты қолдау мақсатында кешенді іс-шаралар өткіздік. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, аудандық шараға «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік концертке біздің бүлдіршіндеріміз қатысып, өздерінің өнерлерін көрсетті. Нақты тоқталатын болсақ: «Мен бақытты баламын» бөбекжай алдындағы асфальтта сурет салудан жарыс

ерекше ертегілер өлеміне кіріп, қуанышты сезімге бөленді. Балалар бөлімінің кітапханашылары тәтті таратып балаларымызды қуантты. «Көңілді старт» сайысы топтар арасында өткізіліп өз мересіне жетті. «Сиқырлы саусақтар» тәрбиеші Айгүл Жетістікқызының ұйымдастыруымен сазбалшықтан ертегілердің мүсіндерін жасау арқылы тәрбиеленушілердің қызығушылығын арттыру мақсатында жарыс ұйымдастырылды. «Ән өлкесі Ақтоғай» туралы видеофильмдер көрсетілді. Бақытты балалық шағым бөбекжайда жалғасады. Мерекелік концерт қойылды. Тәрбиеленушілеріміз бұрала билеп, жырдан шапу шапып, мерекелік өн-пашып шырайын кіргізді. Облыстық оқу әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен оқу сауаттылық апталығы өткізіліп келеді. Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру сапасын арттыру үшін жағдай жасау. Міндеттері: МДҰ тәрбиеленушілердің танымдық,



жасөскіннің қолында. Сол себепті ертегі ел тізгінін қолына алатын балаларға жасынан бағыт-бағдар нұсқап, мейлінше көп көңіл бөлу керек. Көп ішінде «Ел болам десең – бесігінді түзе» деген аталы сөз бар. Ал, ой-санасы енді жетіліп, оң-солын жаңа танып келе жатқан балдырғандарды тәрбиеге баулитын бірден-бір орта – бөбекжай. Аудан орталығындағы ата-аналар таңнан кешке дейін бөбектерін аманаттап кететін бірегей балабақша – «Аққыз» бөбекжайы.

«Аққыз» бөбекжайының жалпы сыйымдылығы 140 орынды құрайды. Қазіргі уақытта бөбекжайда 6 топ жұмыс жасайды. Ұзын саны 140-қа жете қабыл балаға сапалы тәлім-тәрбие беріп, ынғайлы жағдай жасау үшін 15 педагог, 6 тәрбиешінің көмекшісі, 14 кіші қызметкерлер еңбек етеді. Бөбекжайға балаларды қабылдау «INDIGO» электрондық порталы арқылы жүзеге асырылады. Оқыту-тәрбиелеу үрдісін сапалы жүргізу мақсатында бөбекжай барлық педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Оқу жүктемелері мектепке дейінгі ұйымның нормасына сәйкес. Оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарымызда педагогтарымыздың еңбегі ерекше екенін мақтаншып айтқым келеді. Мерекелік ертегіліктер, тәрбие сағаттары үнемі ұйымдастырылып, жиі өткізіліп отырылады. Биыл балабақшамызда өткен



сағаттары барша топта өткізілді. Бүгінгі күні бөбекжайымызда жаңа жылдық ертегіліктеріміз өтуде. Тағылымды тәрбие – бала болашағының іргетасы бөбекжайдан басталады. Дәл қазіргі уақытта білімді, алғыр балғындардың көптеп шығуына бөбекжайымыздың атқаратын рөлі зор. Бар білімнің негізі бөбекжайдан қаланады. «Балалар жылында» балабақша педагогтары ерекше серпінмен жұмыс жасады. Себебі, барлық жұмысымыз кішкентай балғындармен тығыз байланысты. Әркез ата-ананың көз қуанышына айналған сөбидің бақытты болғанын қалаймыз. Ертегі елдің тұтқасын ұстайтын балалардың жан-жақты болуы үшін

ұйымдастырылды. «Әжемнің ертегісі» жобасы аясында ертегілер еліне саяхат балаларға ертегілер өлемі туралы сахналық қойылымдар қойылды. «Ақтоғай археологиялық – этнографиялық мұражайы» мен тығыз байланыстамыз. «Аудандық мұражайға саяхат» топ жетекшілері Сая Сәкітайқызымен Айнұр Серікқызы бастап, ортаңғы ересектер тобының тәрбиеленушілерін апарды. Балалар мұражайды көздерімен көріп, алған әсерлерімен бөлісіп керемет қуанып қайтты. Аудандық кітапханаға тәрбиеші Жеңіс Серікқызы мен Айнаш Төлеуханованың бастамшылығымен ересек ортаңғы топтың балалары барып, көз тоймайтын

шығармашылық, сауаттылық, экологиялық, денсаулық белсенділігін арттыру; тәрбиеленушілердің ата-аналарымен іс-шараларды дайындау, ұйымдастыру және өткізу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін жетілдіру болатын. Апталықтардың қортындысы бойынша Облыстық оқу әдістемелік орталығының Алғыс хатымен марапатталдық. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ұрпақ тәрбиелеуде біздің бөбекжай ұжымы ата-аналармен бірлесіп алға қарай жұмыстарымызды жандандыра бермекпіз. **Н.Климқызы** «Аққыз» бөбекжайының әдіскері.



Азаматтың түсін айтпа, ісін айт



Аллаға шүкір. Бүгінде Қазақстан озат елдердің ұшар басына шықпаса да көп мемлекеттен көш ілгері тұр. қалауы айтылған сәтінде орындалмаса да, ақырын-ақырын жүзеге асып жатыр. «Көштің жүре түзелетіні» секілді еліміз де егемендік алғаннан кейін ойсырап тұрған олықтықтардың орнын толтырудың қамын қылуда. Шыр айналған шар айнада экономикалық және нарықтық бәсекеде біздің мемлекет шикізат өндірісі, агроөнеркәсіп секілді іргелі салаларға арқа сүйеп отыр. Соның нәтижесінде сырт елдермен алыс-беріс көбейіп, ішкі экономикадағы тепе-теңдікті сақтауға ықпалын тигізіп отыр.

Орналасқан геологиялық және табиғи ерекшелігіне қарай біздің ауданның негізгі ұстанған бағыты – ауылшаруашылығы саласы. Ауылшаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етеді. Ауылшаруашылығы екі үлкен саладан, яғни, өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығынан тұрады. Қарағанды облысындағы аудандар арасында Ақтоғай – ауқымы кең өңірлердің бірі болып саналады. Алайда, өлкенің жарымынан астамы жартылай шөлейтті болып келгендіктен тұрғындардың дені мал шаруашылығымен шұғылданады. Егін егіп, өзінің ырзық-несібесін қара жерден теріп отырғандар некен-саяқ.

Өткен ғасырдың аяқ шенінде еліміз егемендікті уысына енді алған алмағайып шақта өнеркәсіп шаруашылығы шатқаяқтап, жұмыс орындарының баршасы тұралап қалған кезде ауылдағы ағайын артынып-тартынып қалаға қоныс аудара бастады. Жаппай урбанизацияның салқыны ауыл-ауылға ауыр тиіп, араға аттай отыз жыл салып есін жаңа-жаңа жиып келеді.

Барша қазақстандық хабардар. Кейінгі 6-7 жылдың көлемінде біздің билік ауылшаруашылығы саласына

баса мән беріп, қара жұмыстың қырын сындырып, қыртысын айналдырамын деген ағайынға үлкен қолдау білдіріп келеді. Жаңа кәсіп бастап, өз алдыма дара кәсіпкер боламын деген, яки бұрыннан бар шаруашылығының өрісін кеңейтіп, тасын өрге домалатуға ниетті жандарға жеңілдетілген несие беріп, қолтығынан демеу білдіріп жатқан жайы бар. Осынау жоспарлы түрде жүзеге асып жатқан жұмыстың нәтижесін аудан халқы көзімен көріп, куә болуда. Соңғы уақытта ауданымызда мал басының артқаны себепті ауылдық округтердің баршасында шабындық, жайылым жері үлкен мәселе тудырып отыр. Шаруа қожалық атаулының баршасы іргесінде, маңайында бұрнағы жылдары егесіз, ескерусіз жатқан жер атаулының баршасын құржыттырып, заңды түрде қожалық атына тіркеуде. Дәл қазіргі уақытта бақсаңыз талыстай жерге талас көп. Мұның барлығы өңірде төрт түліктің саны артқанын білдіреді.

Осы тұста мемлекет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктер мен әртекті бағдарламаларды тұрғындар мен кәсіпкерлерге түсіндіріп, билік пен шаруаның арасына мәйек болатын мамандар бар. Ол – ауылшаруашылығы саласының мамандары. Әгәрәки, агроөнеркәсіпте кез-келген кәсіпкер не болмаса шаруа қожалық жетекшісі үлкен жетістікке жеткен болса көп ішінде сол кәсіпкердің, қожалық жетекшісінің есімі мен мемлекеттік бағдарламалар тілге тиек болып, екі ортаға дәнекер болып отырған ауылшаруашылығы саласының мамандары көбіне-көп көлеңкеде қалып қояды.

Біз бүгін сол ел назарынан тыс жүрген сала мамандарын мақалаға қалам алдық. Ауданымыздағы тұрғындар табалдырығынан көп аттайтын мекеменің бірі – осы ауылшаруашылығы бөлімі. Талай жылғы іс-тәжірибесі бар мамандар әр алуан сауалмен келген ақтоғайлықтарға шама-шарқыниша жәрдемдесіп, толыққанды түсіндіру жұмысын жүргізеді.

Аталмыш мекемеде ұзақ жыл қызмет жасап, ауданымыздағы агро саланың дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан жанның бірі – Сейдахметов Мақат Асқарұлы.

Жаңа жыл мейрамының қарсаңында Мақат ағамызды іздеп, ауылшаруашылығы бөліміне арнайы бардық. Мәкең өз кәбинетінде қалың қағаздың арасында компьютерге назар салып, жұмыс атқарып отыр екен. Қазақ салтпен сәлемдесіп, жанына жайғастық. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, келген жөнімізді айтып, сұқбаттаспаққа ниеттендік. Кейіпкеріміз екі ауыз сөзге келместен келісе кетті. Содан өзі жайлы, өзі жүріп өткен соқпақ жолдары жайлы ұзын-

сонар әңгімені бастады:

- Мен, 1962 жылы 10 ақпанда осы өзіміздің Ақтоғайда мұғалімдер отбасында дүниеге келдім. Қасиетті қара шаңырақта топты бала өсіп жеттік. Бүгінде езу тарта отырып еске алатын балдырған шағымызға қатысты естеліктің баршасы да сол қара шаңырақта өтті емес пе?! Осы Шатырша мен Тоқырауынның арасында шыбықты ат қылып мініп, көшенің шаңын көкке көтеріп, шапқылап жүре беруші едік. Ол уақытта еш нәрсенің байыбына бармастан ұзақты күнге ойын қуып, қас қарайған шақта анамыз шақырғаннан кейін ғана үйге оралатынбыз. Кей күні күні бойы дамыл таппағандықтан денеміз дел-сал боп, кешкі ас дайын болғанша бұрыш-бұрышқа қисая кетіп ұйықтап та қалатынбыз. Ол да бір адам өмірінің ең ыстық, ең ғажайып кезеңі екен ғой.

1969 жылы тәуір киімімізді киіп, сөмкемізді асынып, Ақтоғай селосындағы М.Горький атындағы орыс орта мектебінің табалдырығынан аттадық. Ұстаздар жанұясында өскендіктен ата-анамыз жасамыздан білімге баулып, көп оқытатын. Соның пайдасы мектеп қабырғасында көп тиді. Көптен бірге көштен қалмай 1979 жылы аталмыш он жылдықты ойдағыдай тәмамдап шықтымыз. Білім ордасын аяқтапсымен бірден үлкен өмірге қадам бастым. Сол жылы Қызыларай совхозында қарапайым жұмыскер болып, еңбек жолымды бастап та кеттім. Араға үш ай салып 12 желтоқсанда «Дауылпаз» комсомол-жастар бригадасына шопан болып ауыстым. Дәл сол заманда, қоғам еңбек адамдарын қатты құрметтей тұғын. Қазір ғой екінің бірі шопан болуға намыстанып, мұрынын тынжырады. Біздің тұста шопандарға деген, жалты қара жұмыспен шұғылданып кез-келген адамды аспанға көтеріп, өзгелерге үлгі қып көрсететін. Хош сонымен, шопан болып, қызмет қылып жүргенде әскер қатарына шақырту келді. 1980 жылы Кеңес Армиясына қабылданып, Отан алдындағы борышымызды өтеп келдім. Кеңес заманының тұсында әскерге өткен азаматтарды шекара асырып, басқа елге жіберетін. Сол жақта аттай екі жыл болып, аман-есен туған жеріне оралатын. Ал, қазір өз еліміздегі бас-аяғы бір жыл болатын әскери борышынан жастарымыз қашақтап жүр. 1982 жылы азаматтық парызымызды атқарып келгеннен кейін 15 маусым мен 7 шілде аралығында Қызыларай совхозында қатардағы жұмыскер болып жүріп, Целиноград қаласындағы «ауылшаруашылық институтына» оқуға түстім. Тұтас бір ғұмырдың қызығы мен шыжығы қатар жүретін шағы ол – студенттік шақ деп білем. Жоғарғы оқуға түскен кезіміз – ер жетіп, етек-жеңімізді жинаған бозбала шағымыз. Тауға да, тасқа да салсаң қайтпайтын қайран

жастық шақ. Қызық-қуанышқа да, сабаққа да уақыт тауып, барлығына бірдей үлгеріп жүріп 1987 жылы аталмыш оқу орынын «зооинженер» болып аяқтап шықтымыз. Оқу бітіріп, қолға диплом тигеннен кейін уақыт озырмастан Қызыларай совхозының №1 бөлімшесіне зоотехник болып жұмысқа тұрдым. Одан кейін еңбек жолы моншақ іспеттес біріне-бірі жалғанып кете берді.

1988 жылы дәл сол жерде зоотехни-селекционер болып қызмет ауыстырдым. Келер жылында совхоздың №2 мал бригадасына бригадир болдым. Ол уақытта совхоз жұмысы мал шаруашылығымен тікелей байланысты болатын. Дәл сол қызметте совхоз тарағанша табанды еңбек қылдық. Кейін Қазақстан Одақтан жырғылып шығып, өз алдына тәуелсіз ел болған тұста «Әмірхан» шаруа қожалығына мүше болып кірдім. Қожалықта 8 жылға жуық еңбек еткеннен кейін мүшеліктен шығып, аудан орталығына қоныс аудардым. Кіндік қаным тамған туған өлкеме келген соң «Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне» шаруашылық меңгерушісі болып жұмысқа тұрдым. Алайда, адам бойындағы бір салаға деген қызығушылық, құштарлық түптің түбінде жетелеп өз дегеніне алып келеді екен. 2008 жылдың 14 сәуірінде тестілеу сынақ қорытындысы шығып, күні ертең ауыл шаруашылығы бөліміне бас маман болып тұрдым. Үш жылдан кейін Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясына асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор болып ауыстым. 2014 жылы мемлекеттік инспектор лауазымы қысқаруға байланысты жұмыстан қол үздім. Араға бір жыл салып қайыра ауыл шаруашылығы бөліміне бас маман болып орналастым. Міне, содан күні бүгінге дейін осы арада нәпақамды теріп, қызмет қылып келемін – деп, сөзін түйіндеді Мақат Сейдахметов.

Мінезі біртоға Мәкең қақ-соқта шаруасы жоқ, өз ісіне адал жанның бірі. Ел ішінде «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз бар емес па?! Зайыбы Күләш Сейдіғазминова екеуі Алланың берген 3 қыз 1 ұлын өсіріп, тәрбиелеп жеткізді. Балаларының алды құтты қонысына қонып, бір шаңырақтың түптінін түтетіп отыр. «Азаматтың түсін айтпа, ісін айт» деген. Біз бүгін шағын ғана мақаламызға арқау қылған кейіпкеріміз – Биік таудың басы болмаса да, бауырындағы тасы іспеттес, өз ісінің маманы болған жан. Мақат ағамыздың ғұмыр дерегін әңгімеге мәйек қыла отырып, біз оны көзі қарақты оқырманға әсіресе жас буынға үлге етіп көрсетпекке ниеттендік. Қалғаны өз еркіңізде құрметті оқырман.

БАЙТЖАН

Қоян Жылының Құпиясы

Қазақтың көне есебі бойынша әр жылдың, әр айдың өзіне тән сипаты, сол сипатын көрсететін ерекше белгілері болған. Бұрынғы қазақ есепшілері бұл белгілерді жазбай танып, сол жылдың, немесе сол айдың елге берері не, алары не - бәрін де алдын ала мөлшерлеп отырған. Жыл қайыру есебі жана эрдан бұрын пайда болса керек. Жалпы шығыс халықтарында жыл он екіге бөлінеді де, он екі жануардың атымен аталады. Алайда, осы он екі жылдың әрқайсысының өзіне тиісті ерекшеліктері болған. Осы ерекшеліктерді негізге алған қазақ есепшілері жылдың цикліді есептеу әдісін пайдаланған.

Ертеректе қазақтар 60 жылдық циклді пайдаланған деген де болжамдар бар. Бірақ бұған нақты дәлел жеткіліксіз. Дегенмен мешін жылының бірі «темір мешін» (кейде тас мешін делінеді) аталуы алпыс жылдық циклден қалған белгі болуы да мүмкін.

Қазақ жылынамашыларының көп қолданғаны - 144 жылдық циклді жыл есебі. Бұл есеп бойынша, әр жыл он екі түрлі. Түркі халықтарының көбі осы 144 жылдық циклді пайдаланған болса керек. Осы цикл бойынша қоян жылын он екіге бөледі. Олар: 1) Ақ қоян, 2) Ор қоян, 3) Қара қоян, 4) Көк қоян, 5) Көкше қоян, 6) Сары қоян, 7) Қызылқоз қоян, 8) Қоңыр қоян, 9) Сұр қоян, 10) Сұрша қоян, 11) Бұрыл қоян (жыңғыл арасында болады) 12) Бөрте қоян (бөктерлерде болады). Алда келетін жылдың қандай жыл екенін есепшілер алдын ала болжап біліп отыратын.

Шығыс халықтарының біразы 60 жылдық циклді есептеу әдісін пайдаланады. 60 жылдық цикл бойынша әрбір жыл 5 түрлі болады. Мысалы, қытай жылынамашыларының есебінше жыл түрлері «алтын, су, ағаш, топырақ, от» деп бөлінеді. Мысалы, қоян жылы алтын қоян, ағаш қоян, су қоян, от қоян, топырақ қоян болып жіктеледі. Жылдың қасиеттері от, су, ағаш, топырақ алтын (металл) сияқты заттардың қасиетіне байланысты жорамал жасалады.

Шаяхмет Жөңгірұлы «Жыл топшылары» атты еңбегінде «Жылынамашылар Қоянның табаны жалпақ, жүрісі дыбырсыз, епшіл, жүйрік, жүндері майда болып, бұлар күндіз жүрмей жатаққа (жымында - И. Нұрахмет) жататындықтан, қоян жылдарында (көкше қояннан басқалары) қар қалың жаусын, яки жаумасын, қысы жылы, бораны аз, аяз жоқ, қыс аяғы қысқа болады да, жаз ерте шығады. Жаз көктемді, шөп құнарлы, мал семіргіш болатыны айтылады» дейді. Бұл - Қоян жылдарына берілген жалпылық сипаттама. Қоян жылы туралы: «Қоянның табаны жалпақ, жүні майда», «Қоян жылдың қозысы - сиыр жылдың тұсағы» деген мәтелдер бар. Бұдан қоян жылының малға, әсіресе, қойға жайлы болатынын көреміз.

Жыл есепшілерінің тәжірибелері бойынша жылдың жақсы болуы үш жақтан бағаланады. Бірі, малға жайлы, малшыға құт болатын күннің жылылығы мен шөптің құнарлылығын өлшем етеді. Екінші, елдің бейбіт, заманның тыныштығын өлшем етеді. Бұл реттерде қоян жылы жаман жыл делінбеген.

Жалпы қоянның он екі түрі он екі түрлі болып келеді.

«Ақ қоян» - жүні қардай аппақ, денесі басқа қояндардан кесек, таулы жерде болады.

«Ақ қоян» кіретін жылы ақ түсті малдың тойынысы жақсы болады дейді. Сонымен бірге таулы жердің қояны аппақ болатын көрінеді екен.

«Ақ қоян» жылы қар қалың болғанымен, күн аса суық болмай, боран аз соғып, қыс ерте шығады екен. «Ақ қоян» жылы

туған ер баланың мінезі кең, жұмсақ, кек сақтамайтын ақ көңіл болады. Қыз бала мейірімді, берекелі болады дейді.

«Ор қоян» - жонында, жағында қоңырқай жолағы (сағалы) бар бозша қоян.

«Ор қоян» кіретін жылы ақселеу бойлап өсіп, ор қоян көбейеді. Аша тұяқты малда «сарбуын» (ақсақ) ауруы көбейіп, жылқы тасырқағыш келеді.

Ор қоянның бауыры ақшыл келеді. «Ор қоян» жылы таулы жерлерде қар аз, ой жерлерде қар қалың түседі екен. Бұл жылы күшті боран соқпаса да жаяу борасын көп соғатын көрінеді. Таулы өңірдің қарын жаяу борасын үрлеп жерді қарайтып кетеді де, ойлы жерлерде желемік көп болып қар сірілініп, малдың жіліншігі қотыр-жара болып, көктемге таман пырақ, көтерем көп шығады. Бірақ жұт болмайды делінген.

Бұл жылы туған ер бала екі сөзді, ашуы қатты, ақылы аздау, жол тапқыш, сөзден гөрі іске шебер келеді. Қыз бала өсекші, өтірікші, өңгімешіл, өзілкеш келеді екен. «Қара қоян» - аса сирек кездеседі, жүні көкшіл қара болып келеді.

Қара қоян кіретін жылы өзен бойларында, қоғалы жерлерде қара қоян көбейіп, тауда қоян азайып, түпкі ойға тартылып келетін көрінеді.

«Қара қоян» кірген жылы қысы қарсыз, қара суықты болып, тұмау көбірек болады екен. Жазда малдың ағы тартыңқы. «Қара қоян» жылы қара түсті малдың етінің дөрілік қуаты күшейеді. Қарамық, су шешек сияқты жұқпалы бөрткендердің микробы қозғыш келеді.

Қара қоян жылы туған ер баланың мінезі өте қатты болып, айналасына кесірі көбірек тиеді екен. Ойлаған ойын қайткенде іске асыратын еркі мықты, қыз бала қолы тар, сөзі майда, ділі қатты, айтқанына ел тез иланғыш, берекелі, қасын досына айналдыратын пейілі кең келеді. Еріне зияны көп тиеді дегені. Достарына пайдалы ісі көп болады.

«Көк қоян» - жүні ақкөк, денесі кішілеу қоянның нашар тұқымы саналады.

Көк қоян кіретін жылы қоянның түсі қара көк болады. Көкшіл мал семіз, ақ малдың тойынысы кем болатыны айтылыпты.

«Көк қоян» жылы көктем жақсы болады. Алайда, шөптің жұғымы аздау болып, күзде мал ерте суалып, ерте арып кетеді екен. Қысында қар аздау түсетіндіктен ой өлкелерде де, таулы өңірлерде де жұт болмайды.

Бұл жылы туған ер бала сөзінде сенім жоқ, уәдесінде тұрмайтын, бірақ, ешкімге зиян-зардабы тимейтін, табысы көп, берекесі жоқ, бос сөзі көп, шешімді тез қабылдағыш, қолы ашық жомарт болады да, қыз бала сырты сұлу, мінезі жайсыздау, өсекші, тілі ащы, өз ортасына беделді, бір көрген адамға жақсы әсер қалдыратын, шешен болып келеді.

«Көкше қоян» - денесі ірі, жүні көксұр, балақ тауларда жасайтын қоян.

Көкше қоян кіретін жылы көкше қоян көбейіп, жаз ортасында шегіртке қаптап, шөп ерте қурайды. Малдың тойынысы нашар. Ит ұлығыш, сиыр мөңірегін келеді.

«Көкше қоянның» жылы көктем нашар, шөбі құнарсыз, қысы апатты, өте суық. Қыста қар аралас жаңбыр жауады да, жер көкше мұзға айналып қатып қалады. Сондықтан, қай түлікке болса да ауыр тиеді. «Көкше қоян» жылы туралы:

Қоянның сақта, төңірім, көкшесінен, Тесілді тері шарық өкшесінен.

Терем деп қарасудың үш бұрышын, Бөлінді тақыр шалбар бөксесінен (Үш бұрыш - суда болатын, жаңғақ текті жеміс), - деген өлең бар екен. Қоян жылдың жұтын

Әбіқай Нұртазин «Тас мешін» поэмасында: «Жұт көрдім жеті жаста «қоян» деген», - дейді. Ақын Әбіқай Нұртазин 1871 жылы туған. Ендеше көкше қоянның жұты 1878 немесе 1879 жылдары болған. Келесі көкше қоян жылы 1879 жылдан бастағанда 144 жылда, яғни 2023 жылы келсе керек.

Көк қоян, көкше қоян жылдары көкшіл мал сергек, жазда тойынғыш, қыста ет ұстағыш келетін көрінеді.

Көкше қоян жылы туған ер бала бірбеткей, батыл, қыңыр, өзін өзі жоғары санайтын өзімшіл келеді. Бірақ сөзіне ел ермейді, елге қадірі аздау. Ал, қыз бала мінезі қатал болса да, көңілі жұмсақ, көз жасы көп, жоқ нәрсеге жылағыш келеді. Бұл жылы туған қыздардан кезінде «жас ұясы» бар адам көп кездеседі, ондай адамның пәлесі жары мен балаларына көп тиеді екен.

«Сары қоян» - бұл қоянда өте сирек кездесетін түс.

Сары қоян кіретін жылы қоянның түрі қызыл сары, қарсақ жүн болып келеді. Бірақ қоян көп болмайды. Сары малдың тойынысы нашар болады.

«Сары қоян» жылы жаз қуаң болса да, шөп құнарлы болып, мал жақсы тойынады. Қыстан етін сақтап күйлі шығады. Қыста қар жұқа болады. Сары ауру, сүзек көп болып, адамда шығын болады. Сарбас сыздауық қаптайды. Бұл жылы туған ер бала уайымшыл ісіне ұқыпты, қыз бала аурушаң келеді делінген.

«Қызылқоз қоян» - қызыл көз ақ қоян. «Қызылқоз қоян» кіретін жылы қоян аз болады, жазда мал сүзсізін келеді. Қорадан мал көп үркеді. Ақ түсті малдар ет алмайды. Адамда көз ауруы көп болады.

«Қызылқоз қоян жылы» шөп құнарсыз, мал арық болады. Ақ түсті малда көкқарын ауруы көп кездеседі. Қар қалың болғанымен ерте кетеді де, артық жұт болмайды. Қызылқоз қоян жылы туған ер бала дүниеқор, ұсақшыл, пәлекет келсе, қыз бала пысық, қолы берекелі болады екен.

«Қоңыр қоян» - жүні қоңырқай сұры, денесі ірі келеді. «Қоңыр қоян» кіретін жылы қоян көп, түсі қоңыр болып келеді. Жазда түйеге қатер көп болады. Бас ауруы бар адамдар ол жылы ауырмайды. Жас балалардың жылауы азаяды. Қоңыр қоян жылы жаз қоңыр салқын, шөп сілбі, бірақ, қыста қар жұқа болып, күн аса суық болмайды екен. Малдың тойынысы жақсы болмаса да, қыстан аман шығады. Бұл жылы туған ер бала ел алдына түсуді мақсат тұтпайтын, қоңыр қалта, қарапайым, момын, еріншек жалқау келеді. Ат сүріншек болады. Қыз бала мінезді, берекелі келеді екен.

«Сұр қоян» - ойлы жерлерде көп кездесетін жүні сұржағал қоян. «Сұр қоян» кіретін жылы қоянның түсі сұр болып, өздері топталып жүреді. Адамда тері аурулары көп болады. Жеміс-жидек қысырап қалады.

Сұр қоян жылы жаз қуаң, шөпте алақұрт ауру көп болады. Қыста қар өте жұқа, күн жылы болғандықтан жұт болмайды делініпті. Бұл жылы туған қыз бала сөзі аз жуас келеді. Ұл бала өте жасық, сөзге ергіш келетін көрінеді.

«Сұрша қоян» сұр қоянның бір түрі, қамысты, шілі өңірлерде болады. Сұр қояннан гөрі ақшылдау келеді. «Сұрша қоян» кіретін жылы, қоянның түрі сұрғылт болып келеді. Жазда қоян көп өледі, қаршыға көбейіп кетеді. Жауын-шашын аздау болып, мал жақсы тойынбай қалады. Адамда қызылша көп шығады. Жусан көктемей қалады.

«Сұр қоян» жылы жаз жаңбырлы, жердің көктемі жақсы, бірақ малдың тойынысы тегіс болмайды. Қыста қар аз түседі де, мал жайылыстан тарықпай күйлі шығады екен.

Бұл жылы туған ер бала кедей болады, өтірікші, аңғарымсыз келеді. Тілінен зиян шегіп жүреді. Біреуге әдейілеп қастық ойламаса да, жақын адамдарына зияны көп тиеді. Жылынамашылар мұны «ат сүріншек, үл еріншек» деп қорығыпты. Сыйымсыздау келеді. Қыз бала мінезі жұмсақ, көңілшек келеді.

«Бұрыл қоян» жылы молшылық болады дейді. Бұрыл қоян - жыңғыл, сексеуіл арасында, құмдауыт жерде жасайтын жануар.

Бұрыл қоян кіретін жылы құм көшкіш, қаңбақ көп өседі. Қоянның түрі бұрылдап күзде көзге көп көрінбейді. Адамның шашы ағарғыш, тері аурулары көп кездеседі.

«Бұрыл қоян» жылы көктем әр жерде әр түрлі болып, жазы қуаң келеді. қысы қара суықты болғанымен қар аз, жер беті бұрылдап қана қар түседі.

«Бұрыл қоян» жылы туған ер бала екі сөзді, мінезсіз, пайдакөс, пысық болады. Қыз бала өсекші, тілі ащы келеді.

«Бөрте қоян» бөктерде болады. «Бөрте қоян жылы» малға жайлы, жанға жайсыз жыл екен. Бөрте қоян кіретін жылы шөп жаз ортасы ауа қуарып, ағаш жапырақтарын көктей тастайды. Су ерте суиды.

«Бөрте қоян» жылы жон тауларда қар қалың, бөктерде, балақ тауларда қар жұқа түседі. Күн борансыз болғандықтан қар ұлпа күйінде жатады. Қысы малға жайлы келеді. Адамға ауырталық көп түседі, жас өлім көп болады.

Бөрте қоян жылы туған ер бала далабездер, үй тіршілігіне олақ, аңқау келеді. Ал қыз бала адуын мықты, тілі өткір, аузына келген сөзді ірікпейтін бейпіл ауыздау келетін көрінеді.

Қай жылы туған баланың қандай адам болатыны туралы айтылған пікірлерде қайшылық бар сияқты көрінетіні рас. Бірақ, адамның қай жылда туғаны ғана емес, жылдың қай мезгілінде, күннің қай мезгілінде туғаны да маңызды. Онан қалса, ауа райының қандай болуы да адам болмысына әсер етеді. Сондықтан қоян жылы туған адамдар аталған кемшіліктер мен артықшылықтардың бәрін өз бастарынан іздемеуі керек. Олардың бір адамда бірі болса, бірі болмайтыны анық.

Бұл мақаланы қоян жылының құпиясын ашуды мақсат тұтып жазғанымыз жоқ. Ол мүмкін де емес. Тек қана қоян жылының құпиясы көп екені туралы сөз болды. Құпия барлық жылда да бар. Оны жұрттың бәрі де біледі. Ал, сол көп құпияны түгелдеп, жұрт игілігіне жарату үшін көп болып іздену керек-ақ.

Қоян жылының ең басты сипаты - малға жайлы, адамға жайсыз болатындығы екен. Оның бір дәлелі ретінде 1722 жылғы «ақтабан шұбырындыны» айтады.

Қазақтың жылынамалық есептері бізге толық жетпеген біздің малданып жүргеніміз әркімнің есінде қалған, шашыранды пікірлер ғана. Жылынамалық есептің біршама жинақталған түрі - Шығыс Түркістанда өткен этнограф Шаяхмет Жөңгірұлының «Жыл топшылары» атты қолжазбасы. Мен осы мақалада сол қолжазбада айтылған қоян жылы туралы болжамдарды негізге алдым. Бұл қолжазба Шығыс Түркістанның Алтай, Еренқабырға, Тарбағатай өңіріндегі елдің тәжірибесі негізінде қорытылған. Оның үстіне автордың субъектив пікірлері де араласқан тәрізді. Десе де, болашақта басып шығарып ары қарай зерттесе, жылынамалық есептің қалпына келуіне себі тиер болар құнды жазба екені даусыз.

Имамғазы Нұрахметұлы, ақын, ф.ғ.к., astana-akshamy.kz сайтынан алынды.



Діни экстремизм мен терроризмнің таралу себептері

Біз діни құндылықтар туралы білмейінше, халықтың мәдени тұтастығын қалыптастырудағы құндылықтар рөлін анықтай алмаймыз. Діни құндылықтар – ұлт үшін немесе жеке адам үшін қасиетті сенімдер жүйесі. «Дін – бүгінгі күні жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамуына үлкен әсер етіп отырған әлеуметтік феномен деп айтуға толық негіз бар. Біздің еліміздің ерекшелігі біз көпэтностық, көптілді және көпконфессионалды болғандықтан, бүкіл посткеңестік кеңістікте сияқты, исламмен қатар басқа діндер де жаңғырып, дами бастады». Сондықтан қазіргі таңдағы дәстүрлі діндер мемлекеттің, елдің тұрақтылығын сақтауына негіз бола отырып, діни конфессиялары арасында рухани келісімді, халықтар арасындағы бірлікті нығайтуға себеп болады.

Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды. Діндер адамзат тарихында ізгіліктің құралы болғаны анық. Бірақ саяси күштер дінді саясаттың құралы етіп алып, қатыгез саяси мақсаттарын жүзеге асырады. Технология мен ғылым дамыған кезде діни экстремизм деген ұғым жиі

қолданылуда. Діни экстремизм дегеніміз – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атынан мемлекетке қарсы жасалған немесе бағытталған күресі. Сөйтіп, олар өз билігін орнатуға немесе айтқанын орындатуға ұмтылады. Дінімізді бұрмалап өртүрлі жаңалықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағына, бірлігінен айырып, ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының дәлелі. Сонымен қатар, көптеген діни ағымдардың пайда болуына байланысты, қоғамда кері саяси ұғымдардың пайда болуы, адамның сана сезімін улайтын, әлемдік діндердің атын жамылып теріс бағыт беретін діни секталардың экстремалды түрде қаптауы халыққа зиянын тигізіп жатыр.

Жалпы экстремизм мәселесі, оның түрлі көріністерінде, әлем бойынша өзекті тақырыпқа айналып отыр. Әлемдік тәжірибеде экстремизм әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни, экологиялық және басқа да өзекті мәселелерді шешу барысында әрбір қоғамда, мемлекетте жанданады. Қарап отырсақ, экстремизм экономикалық жақтан дамыған және саяси тұрақты елдерде де белен алады. «Экстремизмнің бірінші белгісі адамның надандыққа, көрсоқырлыққа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап

етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқи жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Экстремистердің екінші себебі, олардың ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады. Экстремистік көріністің үшінші түрі, сырт көзге байқалмайтын, адамдарға деген күдік пен сенімсіздіктен туады». Қазіргі уақытта ел мен ел мемлекет пен мемлекет, адамдар арасындағы араздасу, бүліктердің туындау себебі жалған діндердің орын алуы басты себеп болып отыр.

Діни экстремизм – діни фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылықтарын көрсету. «Діни экстремизм» әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарастарына сәйкес қайта құруға ұмтылады. «Діни экстремизм» – террористік іс-әрекеттердің туындауына себеп болатын саяси құрал Жаһандану заманында «діни экстремизм» қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге жетіп отыр. Қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықтармен біріге отырып жан-жақты күшейтуіміз керек. Бүкіл әлемдегі кез келген мемлекет бұл «қоғамдық қасіретке» қарсы күресті жеке жүргізу қиындыққа соғады. Сондықтан, 2006 жылы 8 қыркүйекте БҰҰ Бас

Ассамблеясы «Ғаламдық террормен күрес» стратегиясын қабылдады. Аталған құжатта БҰҰ-на мүше мемлекеттер экстремизм мен терроризмнің барлық пішіндерін бір жақты айыптайды, соған қарсы тығыз ынтымақтастық арқылы әрекет етуге дайын екендіктерін көрсетеді. Елімізде «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 10-бабында: «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы» деп аталады. Соған қарап отырып, еліміз экстремизм мен терроризмге қарсы басқа мемлекеттермен бірігіп күресуге дайын екендігін көреміз. «Экстремизм өртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Олар қай діннің атынан белсенділік танытса, бөрінен де көп зиян шегетін сол дін. Экстремистер адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады». Экстремизм және терроризм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау мақсатында барлық мүмкіндіктерді пайдаланады, соның ішінде әлемде ең қымбат – адам өмірі, оның денсаулығы мен қоғамдағы күнделікті іс-қимылын жоюға дейін барады.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.

Жат ағым бірлікке емес, бүлікке алып барады

Тәуелсіздік алып, өз алдымызға туымызды тіккен күннен бері сонау ғасырлар бойы халқымызға сіңісіп кеткен саф алтындай таза ислам діні елімізде қанатын кеңге жайып келеді. Жер-жерден мешіттер салынып, имандылық ошақтары халық игілігіне жұмыс жасауда. Десекте, соңғы кездері елімізде дәстүрлі діни нанымдарымыз бен салтымызға сіңген діни көзқарастарға үйлеспейтін түрлі пікірлер, ұстанымдар шыға бастады. Бұл өз кезегінде ұлттық құндылықтарымызға да өзінің кері әсерін тигізуде. Әуеліде періштедей көрінген бұл ағымдар уақыт өте келе «жылтырағанның барлығының алтын емес» екендігіне көзімізді жеткізгендей болды. Қазақ халқы үшін дәстүрлі дін ретінде исламның құндылықтары күнделікті өмірде өз орнын алғаны белгілі. Алла тағала «Ниса» сүресінің 59-аятында: «Ей, мүміндер! Аллаға, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріңе бойұсыныңдар», – деп бұйыруда. Міне, осы қағидатқа бабаларымыз қашан да берік болып, бөлінуге жол бермеді. Қазірде осы ежелден халқымыз дәріптеп, құрметтеген дінімізге де күдікпен қарайтын дәрежеге жеттік. Алғашқы кездері дін адамдары мен діни кітаптарды көргенде қуана да, құрметтей қарасақ, қазір үмітімізден гөрі күдігіміз басып барады. Бұған себеп соңғы кездері бүйректен сирақ шығарып, діни реформа жасағысы келетін діни ағымдардың жымысқы әрекеті. Қазіргі таңда дәстүрден тыс діни ағымдардың қоғамды іштен ірітіп жатқандығы туралы жиі айтылуда. Алайда, жастар теріс пиғылды ұйымның өз жұмысын нақты қандай әрекеттер арқылы

жүргізетінінен бейхабар. Олар дәстүрден тыс діни ағымдар, дәстүрлі діндерден іргесін аулақ салған, белгілі бір діни мақсатты көздейтін ұйым екендігін біле бермейді. Ал мұның салдарынан түрлі діни ағымдардың жетегінде кету арқылы отбасын ойрандатып, қоғамды шулатып, экстремистік, террорлық іс-әрекет жасап, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне орасан зиян тигізуі әбден мүмкін. Сонымен қатар, дамыған немесе даму үстіндегі тыныш жатқан бір елді тоқырауға жіберудің бір тәсілі түрлі діни ағымдар арқылы қоғам ішінде ірікті тудыру. Алайда Алланың Елшісі (с.ғ.с.): «Алла сендерден үш нәрсені ұнатады, олар: 1. Аллаға ғана ғибадат ету, Оған басқаны серік қоспау; 2. Түп-түгел Алланың жібіне жабысып, бөлінбеу; 3. Сендерге басшы болғандарға мойынсұну», – дейді. Дәстүрден тыс діни ағымдардың түпкі ниеті біреу-ақ, ол – қарапайым адамдарды өз мақсат-мүдделеріне пайдалану, сол арқылы материалдық игілікке кенеліп, билікке қол жеткізу. Енді осы ағымдар қарапайым адамдарды қандай айла-әдістермен еліктіретініне тоқталайық. Біріншіден, жаңадан қабылданған «шәкірт» теріс ағым мүшелерінің психологиялық қысымына ұшырайды. Бізден басқа мұсылманның барлығы «адасқан, кәпір» деген сияқты әпсананы құлағына құяды. «Ғасырлар бойы аталарымыз ұстанып келген дәстүрлі ислам қате. Аталарымыз теріс жолда болған. Олар Құдайға серік қосып, күпірлікте болды. Қазақтардың исламы бидғатқа толы. Оларды тазалау керек» деп теріс пікірлерді санасына сіңіреді. Екіншіден, дәстүрден тыс діни ағымдар мүшелері

қоршаған ортасынан іргесін аулақ салып, өз бетінше бөлектене бастайды. Ал өзін қоршаған ортадан, отбасынан, қоғамнан тысқары жүрген адам уақыт өте келе «ұстазының» айтқандарының анық-қанығына ой жүгірту, оны шынайы өмірмен салыстыру мүмкіндігінен айырылатыны түсінікті жайт. Үшіншіден, қауіпті ағымдар мүшелерінің ойлау қабілетін тежейтін түрлі әдістемелерді қолданады. Мәселен, бір сарынды ұстаздардың уағызын тыңдатып, психологиялық тәуелділікке ұрындырады. Ол өзінің бұрынғы отбасынан алған қадір-қасиеттерін, тәлім-тәрбиесін тәрк етіп, сол ағымға ұнамды бейнені қабылдайды. Мұның соңы бөлінуден басқа ешнәрсеге алып бармасы анық. Ата-бабаларымыздың ұстанған жолы – береке мен бірлік болды. Ал, дініміз ислам мұсылмандардың басқа жолдарға бөлінуіне қарсы. Алла Тағала бұл жайлы былай дейді: «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер» («Әли Имран» сүресі, 103-аят). Сондықтан қазіргі таңда біздің қоғамдағы ислам бағытындағы ең үлкен қайшылық уахабизм, сәләфизм пікірін ұстанушылармен жүріп жатыр. Барлық нәрсенің исламның алғашқы ғасырындағыдай қарапайым болуын қалап, айналасындағыларға уағыздап, қарапайым мәзаб ұстанушыларға да қарсылықтарын көрсетіп бағады.

А.Сүйіндік,
Ақтоғай ауданы мешітінің наиб имамы.

Қазақстан - 2050: денсаулық стандарты

Спорт саңлағын еске алды

Кез келген өлкеде есімі ел есінде сақталған, туған жерге, елге қызмет еткен аяулы перзенттері болады. Міне, осындай қадірлі де, абзал жандардың қатарында Есеев Мейрам Хайдарұлы да бар. Олөзініңбекзатболмысымен дараланып, спорт саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырып кеткен жан. Саналы ғұмырында аудан, облыс спортын дамытуға сүбелі үлес қосқан облыстық жарыстардың он дүркін чемпионы Мейрам есімін бүгінгі өскелең ұрпақ мақтанышпен айтады. Осындай бір туар арда азаматтарымызды өзгелерге танытып насихаттауда жылда үлкен іс-шаралар өткізіліп келеді.

Жуырда Ақтоғай ауылында Есеев Мейрам Хайдарұлын еске түсіруге арналған волейболдан өткен облыстық ашық турнир жоғарыда айтқан сөзіміздің заңды айғағы.

Спорт кешенінде ұйымдастырылған көлемді іс-шараға спортшылар мен сала қызметкерлері ғана емес, қоғамдық ұйым өкілдері жалпы аудан тұрғындары қатысты.

Аталмыш кездесудің ашылу рәсіміне аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов, ардагер спортшы Сағдат Бишаев қатысып шараның мән маңызына тоқталды.

–Халқымыздың «бірінші байлық - денсаулық» деп адам саулығын бар байлықтың басына



шығарудың мәнінде салауатты өмір мен рухани айшықтың қатар жатқанын аңдауға болады. Өйткені, даму мен құндылық жасаудың тетігі адам денсаулығымен сабақтас. Сондықтан да мемлекет тарапынан денсаулықтың басты тірегі саналатын спорт пен дене шынықтыруға қай кезде де жете көңіл бөлінген. Міне бүгін аудан спорты саласында өзіндік қолтаңба қалдырып кеткен Мейрам Хайдарұлын еске алуға арналған тоспа доп турнирін өткізіп отырмыз. Өнегелі ісі көпке үлгі болып, артына тәрбиелі із қалдырған саңлақ спортшыны жерлестері ешқашан ұмытпайды, – деп сөз сабақтаған аудан әкімінің орынбасары ауданның спорт саласындағы жеткен жетістіктеріне тоқталып өтті.

40 жастан жоғары ерлер арасында өткен байрақты бәсекеге Балқаш, Жаңарқа және Ақтоғай ауданына қарасты бірқатар елді мекендерден бас қосқан 9 команда теңбіл торда тулатып, өзара күш сынасты.

Жарыс барысында ала допты алақанда

ойнатқан ойыншылар топ-топқа бөлініп, біріншілік кубогін сарапқа салды. Бабы мен бағы келіскен «Алаш Қасабай» командасы кәсіби шеберліктерін танытты. Сондай-ақ, айтулы «Қасабай 2» командасы жақсы ойын өрнегімен көзге түсті.

Сөре бар жерде, мәре бар. 9 команданың ішінде дара шыққан, «Алаш Қасабай» командасы бірінші орынды еншіледі. Екінші орынды «Қасабай 2» командасы қанжыласа, үшінші орынды «Жидебай би» командасы қанағат тұтты.

Жарыс барысында әдемі ойын өрнегін көрсете білген ойыншылар да марапатқа ие болды. Аян Руслан «үздік шабуылшы», Жандос Өмірбек «үздік ойыншы» және Сүйіндік Смағұлов «үздік ұйымдастырушы» номинациясын жеңіп алды.

Жеңімпаздар естелік кубок, грамота және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Өз тілшімізден.

Құттықтаймыз!



Қуаныш ауылының тұрғындары, өулетіміздің тірекері, асыл өке, аяулы ана, немерелерінің қамқоршылары, **Бөгенбаев Оралбай Төнірбергенұлы** мен **Бөгенбаева Айгүл Сүйіндікқызын** мағыналы ғұмырының бір белесі 60 жас мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймыз! Асқарлы алпыстың шыңына шығып отырған бақыттың бағы, татулықтың тағы, шынайылықтың ағы бола білген арқасүйер тірекерімізге зор денсаулық, қажымас қайрат, қарымды қадам, шаттыққа толы ұзақ ғұмыр тілейміз. Шығар шың мен белестеріңіз өрқашан биік болғай! Осындай қуанышты күні біз сіздерге өрдайым өмірдің өрінің, құрметтің төрінен көрініп, жарқын жүздеріңіз нұрға тола беруіне тілектеспіз. Бала-шаға, немерелерінің ортасында ақ жаулықты ана, асқар таулы өкеміз аман-сау болып, қызық-қуаныштарымыздың төрінде шалқып жүрулеріне тілектеспіз!

Асыл Өке, ардағы ұл - қызының,
Бөрің болжап жүретін алдағының,
Қамқорымыз Сіз келіп 60 жасқа,
Қуаныш отырсыз ғой бізді бүгін.
Анамыз Айгүлменен қанаттасып,
Жүріңіз өр күн сайын алға басып.
Сіздерді мақтан етіп біз тұралық,
Мөлдір бұлақ суындай асып - тасып.

Ақ тілекпен балалары – **Айнұр, Думан-Ләззат, Бекзат-Жаннұр, Алдан-Назым, Өмірсерік-Жанерке, немерелері – Нұрәли, Айбар, Қызғалдақ, Ерсайын, Айбат, Айдай.**

«Шырша» салаты



Қажетті өнімдер:

- 130 гр. шұжық;
- 100 гр. консервіленген жасыл бұршақ;
- 50 гр. сыр;
- 2 дана жұмыртқа;
- 1 дана балғын қияр;
- 1 бума аскөк;
- 2 ас қасық майонез.

Әсемдеу үшін қызанақ пен консервіленген жүгері қажет. Дәміне қарай тұз салынады. **Дайындалу тәсілі:** Қиярды текшелеп әрі ұсақтап турау керек. Шұжықты да дәл солай тураймыз. Сырды үккіштен өткіземіз. Барлығын бір табаққа салып араластырып, консервіленген жасыл бұршақты, қайнатылып туралған жұмыртқаны, майонезді саламыз. Дәміне қарай тұз салып, барлығын жақсылап араластырамыз. Енді осы араласпаны төрелкеге саламыз. Салатты төрелкедегідей шырша жасап салу қажет. Бетіне майдалап туралған аскөкті себелейміз де, қызанақпен, жүгерімен ойыншықтарын жасаймыз. Мінекей, шыршамыз да дайын болды. Астарыңыз дәмді болсын! Жаңа жыл құтты болсын!

Құттықтаймыз!

Құрметті Сейіл Мінғайұлы!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі зейнеткерлік жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, санаулы ғұмырыңызды ұрпақ тәрбиесіне, ауданның білім саласын өркендету жолында басшы бола жүріп көп жыл бойы үзіліссіз, абыройлы еңбек еттіңіз. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және аудан педагогтарының құрметіне бөлендіңіз.

Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында әрдайым жүзіңізден шуақ шашырап, ырыс-нәсібеніз молайып, деніңіз сау болып, абырой-беделіңіз арта бер

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты болып шаттық өмір сүріңіз
Зейнет жастың белесіне жеттіңіз
Үзілмесін қуанышты күніңіз!

Ізгі тілекпен: Ақтоғай ауданының білім бөлімі ұжымы.



Құттықтаймыз!

Аса қадірлі бауырым Сағындық Сейітқазыұлы!

Сізді адам өмірінің айтулы кезеңі – зейнет жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі көңіл тілейміз. 60-тың асқар биігіне шығып,

бейнеттің зейнетін көруге жазсын. Гүлнар екеуіңізге өмірдің қызығын көріп, бала-шағаның, немеренің қызығына тоймай, ақ сақалды ата, ақ жаулықты әже болуға Алла нәсіп етсін.

Ізгі ниетпен: апаң – Мағытай, жиендерің – Мамыр-Гүлмира, Рахат.



Құттықтаймыз!



Бір әулеттің шаңырағын биіктетіп, отын тұтатып отырған шамшырағымыз, отбасымыздың алтын мүшесі – асыл анамыз Смағұлова Төлу Шапібайқызын 1 қаңтарда 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз. Аяулы ана! Осынау айтулы жасыңыз

құтты болып, көңіліңіз мерекедей шаттыққа көңеліп, бала-шағаныңды ортасында думанды сәттерді бастан кешіре беріңіз дейміз. Биік белеске басқан қадамыңыз әрқашан сәтті, денсаулығыңыз қуатты, өміріңіз шуақты болсын. Сізге өмірдегі бар жақсылықты, аналық бақытты, қуаныш пен бақ-берекені тілейміз.

Жанұямыздың қуанышы мен шырайы болып, осындай елулі де жақсылыққа толы күндерді көре беріңіз.

Әсем сөзді кестелесем жүректен,
Қазынаны қазып алсам күректен.
Сыйлап саған бәрін берсем қуантып,
Бақытты жан болар едін тілектен.
Керемет той бүгін бізде болуда,
Қуаныштың құсы келіп конуда.
Отбасының мақтанышы, жүрегі,
Анажаным 60-жасқа толуда.
Тағдырың бақытты сый берсін баса,
Болмасын өмірінде мұңды таса.
Ортамызда ақыл беріп жүре бергін,
Дәл осындай 60-ты тағы жаса!

Тілек білдірушілер: Эльмира-Жанкелді, Арайлым-Жанат, Акерке, Аяулым, немересі Аяла.



Құттықтаймыз!

Аса қадірлі апайымыз Смағұлова Төлу Шапібайқызы!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге өмірдің асыл нұрын, шабытты жырын, таусылмайтын қызығын, арайлы думанын тілейміз. Алланың берген жасын жасап, ортамызда сыйлы



болып, әрбір күніңіз мерейлі де мерекелі сәттерге тола берсін дейміз. Балаларыңыздың, немерелеріңіздің баянды қызығын, жеткен биігін көріп, көкейдегі асқақ армандарыңыз орындала берсін.

Күндеріңіз болсыншы жаймашуақ,
Қуаныш пен шаттықты тынбай жырлап.
Қуанатын жақсылық бір үзілмей,
Үйіңізге келе берсін күнде мыңдап.

Ізгі тілекпен: Амантай-Нүргүл, Қуандық-Гүлфайруз, Сүйіндік-Ляззат.



Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, жібектей сызылған ақ көңіл мінезі мен көркемдігі қатар үйлескен асыл жар, мейірбан ана, біздің әріптесіміз Смағұлова Төлу Шапібайқызын 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Өмірдің айтулы белесі, мерейлі жасқа қадам басқан ардақты жанға зор денсаулық, қажымас кайрат тілейміз. қашанда жігеріңіз мұқалмай, өмірлік мұратыңыз алдан жетелеп, асудан асқарларға талмай жете беріңіз дейміз. Бала-шағаның ортасында шалқып-тасып, бақыт нұрына бөленіп, ақ тілектің шуағынан жүзіңіз бал-бұл жанып, тек жақсылыққа көңеле беріңіз.

Бақыттың бесігінде тербеліп,
Шаттыққа да әр күн сайын көңеліп.
Жүріңізші қашанда алшаң басып,
Ортамызда жақсылыққа бөленіп.

Ізгі тілекпен: Ардақ, Дилафруз, Ақбота, Айсұлу, Кәмшат, Мамық, Панар, Бота.



Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, әріптесіміз Смағұлова Төлу Шапібайқызын келіп жеткен мерейлі 60 жасымен құттықтаймыз. Сізге ақ тілекпен, қартаймас жайдары көңіл зор денсаулық, сарқылмас қуат тілейміз.

Алла жолыңызды ақ жүрегіңізді уайымсыз, арманыңызды айқын, мақсатыңызды жарқын етсін. Әрдайым осы тыңғылықты да, тындырымды қалшыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық-қуанышыңыз мол болсын!

Әпшақ арын ешқашан кірлетпеген,
Көркемдігі тең келген суретпен.
Туған-туыс, дос-жаран, әріптестер,
Ардақтайды өзінді құрметпен.
Еңбек жолың татиды сан аңызға,
Саған қарап күлімдеп қаламыз да.
Отбасында бақытты ғұмыр кешіп,
Аман-есен жүре бер арамызда.
Зейнеткерлік жасқа кеп шаттанасың,
Әлі талай шындардан бақ табасың.
Шын жүректен бөріміз құттықтаймыз,
Көш керуенің ешқашан тоқтамасың!

Тілек білдірушілер: Гүлшара, Айсұлу, Жанат, Саягүл, Өрік.



Құттықтаймыз!

Құрметті Смағұлова Аманкүл Тишбекқызы!

Аяулы жар, ардақты ана сізді мерейлі 50 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Өмір көшінде ұл-қыз тәрбиелеп, жарыңызды аялап, ата-ананыңды қастерлеп, аналық, перзенттік парызыңызды адал атқарып келесіз. Шаңырағымыздың тірегі, отбасымыздың ұйытқысы-денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын дейміз. Бала-шағаның, немерелеріңіздің ортасында ойнап-күліп жүре беріңіз. Алдағы өмірде күн жағымыздан көлеңке, жел жағымызға пана болып жүре беріңіз..



Мейірімнің нұры тұнып жанарына,
Қарайсыз әкеміздің жанарына.
Балаларың бақытқа бөленеді,
Көзіңнен күннің нұры тамады да.

Ізгі ниетпен: жолдасы–Дулатбек, балалары–Әсел, Абзал-Ақгүл, Жангүл, Дәурен, Жанагүл, Медина.



Құттықтаймыз!

Құрметті апамыз Смағұлова Төлу Шапібайқызы!

Сізді 60 жасқа толған торқалы мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!


Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да, тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз.



Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз артып, асаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз. Бала-шағаныңды қызығын қызықтап, немерелеріңіздің шат күлкісіне тоймай, арамызда аман-сау жүре беріңіз.

Қызық-шаттық жақсылықты көре бер,
Жұртшылықтың алғысын тек тере бер.
Беделін де артсын ығи ортада,
Еңбегіңмен алда өсіп-өне бер.
Құтты болсын 60 жасың, белесің,
Барлық жаннан мақтау алып келесің.
Аман болып жасыңа жас қосылсын,
Алла жазса, талай тойды көресің.

Ақ тілекпен: бауырлары – Данияр, Руслан-Мөддір, Айдын-Жадыра, Ерсайын, Ағыбай-Ботакөз, Мейірман-Аяжан, Бағлан-Диана, Еркәнат-Айжан, Назерке, Айжан, Қаракат.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта: aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

